

оның қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері, мемлекеттің өз қызметі ретінде түсіндіріледі.

Әдебиеттер тізімі:

1 Баймаханов М.Т. К разработке современной концепции функций государства // Правовая реформа в Казахстане. –2001. –№ 4. –С.12-18.

2. Сапарғалиев Ғ., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық.– Астана: Фолиант, 2014.–212б.

3. Загайнов Л.И. Экономические функции Советского государства. – М.: Юрид. лит.,1968. –263 с.

4. Чиркин В.Е. Государственное управление. Элементарный курс. –М., 1997.– 352 с.

5. Палазян А. С. Проблема определения системообразующих функций государства //

История государства и права. – 2007. – № 14. –С. 105-110.

6. Баймаханов М.Т. Функции государства в условиях современного мира (материалах независимого Казахстана).- Алматы: Изд. Дом КазГЮУ,2005.– 99с.

## ЕЛІМІЗДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Оралбаев Н.К. з.ғ.м., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

Мемлекеттің заңнамасына тұрғындардың көзқарасы әртүрлі болуы мүмкін, қайтсе де заңнама олардың құқықтық іс-әрекеттерінің басты өлшемі болып табылады. Заңнама бойынша әртүрлі маңызды қоғамдық қатынастар әртүрлі әдістермен, өзара айырмашылықтары бар ережелермен реттеледі, бірақ қарапайым азамат үшін маңыздысы ол емес, ол ертең мемлекет тарапынан жағымсыз жағдайға түспеуі үшін заң оның қай әрекетін дұрыс, қайсысын бұрыс санайды, соны білгісі келеді, яғни заңнаманың болуының өзі қоғамда тіршілік етудің жалпы заңдылықтарын анықтайды.

Адам бұл дүниеге индивид болып келеді де, қоршаған ортасының және өзінің жеке басының ерекшеліктерінің түйісуі нәтижесінде тұлға болып қалыптасады. Оның тұлға ретінде қалыптасу үрдістерін әлеуметтану ғылымы зерттейді. Әлеуметтену индивидтің қоғамға кіру қабілеті мен мүмкіндігін ғана анықтап қоймайды, сондай-ақ қоғамның тұтастығын, жаңару әлеуетін, дамуын, сәйкесінше, тіршілік етуін де қамтиды.

Құқықтық әлеуметтену – күрделі үрдіс. Құқықтық әлеуметтену жалпы әлеуметтенудің қажетті әрі маңызды элементі болып табылады. Ол адамның саналы өмірі бойы үздіксіз өтетін үрдіс болып табылады. Құқықтық әлеуметтену – бұл адамның қоғамдық-құқықтық өмірге бейімделуі сәтті өтуі үшін қажетті құқықтық білімдер, құндылықтар мен ережелер жүйесін меңгеру үрдісі.[1,279] Оның нәтижесі болып индивидтің өзінің әлеуметтік мүдделері үшін ғана емес, өзі субъектісі болған тұтастай қоғамдық-тарихи үрдіс үшін маңызды мәдени-құқықтық мұраның бір бөлігін қабылдауы табылады. Өзінің әлеуметтік тобының тіршілік ету ережелеріне ортақтаса отырып, адам әрекеттегі әлеуметтік-құқықтық ережелерден кез келген ауытқушылықтарға жақтырмау көзқарасын білдіре бастайды және әрекеті қалыптасқан қоғамдық тәртіпке қарсы бағытталған күштерге қарсы тұруға қатысады. Керекті құқықтық дағдылар мен біліктерді ала отырып, ол қоғамдық қатынастардың өзге қатысушыларымен өнімді әрекеттесіп қана қоймай, сонымен бірге өз мәртебесін бекіте, тіптен, көтере де алады, яғни өзінің әлеуметтік рөлін сәтті орындайды.

Кейбір заңгерлер құқықтық әрекетті билік тарапынан жалпыға қаратылған бұйрық, талаппен анықталады деп есептейді. Заңды білмеу заңдық жауапкершіліктен құтқармайтындығы ұстанымына байланысты ешкімге заңға білместік желеуімен

бағынбауға рұқсат етілмеген. Не дегенмен заңнаманы білу әрбір адамға өз құқығын қорғауға мүмкіндік береді. Екі түрлі нысандардағы, яғни императивті және диспозитивті құқықтық ережелердің қоғамдық құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы ықпалдары әртүрлі. Құқықтық мәдениеттің негізгі көрсеткіші болып құқықтық ережелер мен ұстанымдарға қатысты білім табылады. Құқықтық оқыту және құқықтық тәрбие өзара табиғи байланысқан. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру үзіліссіз процесс болуы қажет.[2]

Қандай да бір қоғамның құқықтық мәдениетін зерделеп шығу үшін оның дәйектемелерін, мұратын, көрініс сипаттарын зерттеу керек. Бұл жерде құқықтық білімсіз зерттеу жүргізу мүмкін емес. Құқықтық білімді таратудың тиімді жолдарының бірі болып құқықтық мәліметтер алу табылады. Жиналған құқықтық білімдер жүйесін нақты құқықтық бағдар мен наным-сенімге айналдыру, алған құқықтық ілімдеріне сай іс-әрекеттер жасау маңыздылығы басым мәселе болып табылады және оны шешу азаматтың өз құқықтарымен заңды мүдделерін жүзеге асыруының, қорғай алу қабілетінің алғышарты болып саналады. Мемлекеттің заңнаманы өзгертуі мен толықтыруы, жаңғыртуы негізінде әлеуметтік қатынастарға енетін мәнді де елеулі өзгерістер жаппай әлеуметтік түйсіктегі, жекелей алғанда құқықтық санадағы өзгерістерге түрткі болады.

Сонау егеменді ел болғаннан бастап қазіргі уақытқа дейінгі аралықта әрекеттегі заңнаманың тәжірибеде жүзеге асу деңгейінен адамдардың әрекетін қадағалайтын, олардың әрекеттерінің шегін анықтайтын, олардың заңды мүдделерін қорғаштайтын толыққанды әрекет етіп отырған құқықтық кеңістік орнаған жоқ. Кімнің қолында байлық, лауазым, тамыр-таныстық болса, соның айдауы жүріп, айтқаны болып тұр. Лауазымды адамның жоғарғы шенділігі, байлығы немесе жеке байланыстары заңнама ережелерін белуарынан таптап, өзгелердің заңды құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келіп жатуы жағдайлары орын алуда. Мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлығы құқықбұзушылықтарына қатысты күрес анау айтқандай ауыз толтырып айтуға келмейді, нәтижесінің тиімділігі қоғам масштабтарында, қоғамдық құқықтық санамен мәдениетті оңды жаққа өзгертуде іліп алуға татымайды. Бұл жайттар жеке адмның өмірі мен денсаулығы, құқықтары мен мүдделері сияқты құндылықтардың құнын түсіруде.

Құқықтарды қорғау жүйесінің бұғанасын бекітіп, қабырғасын қатайту үшін осы аумақ тәжірибесінде жетістіктерге жеткен елдерден үйреніп, құқықты қамтамасыз ету жүйесін біртіндеп халықаралық стандарттарға сай қайта құру керек.

Егеменді уақытта елдің өркениетті қызмет етуі үшін заңнаманың көлемі жағынан орасан жүйесі жасалынды, бірақ оның тиімді жүзеге асу тетіктері кешігуде, заң мен сот алдында барлығының теңдігі ұстанымы жүзеге аспауда. Адамдардың құқықтық сауаттылығы мен олардың заңдарды білу қажеттілігі арасындағы белгілі бір тәуелділік бар. Тұрмыс тіршілігінде жиі кездесетін жағдай болғандықтан мазмұны көпшілікке танымал заңнама ережелері бар және де мазмұны көпшілікке белгісіз заңнама ережелері де жоқ деп айта алмаймыз. Тұрғындар заңнаманы қаншалықты нашар білсе, соншалықты өздеріне кепіл етілген құқықтар мен мүмкіндіктер көлемін қолдана алмағандықтан, түйткілді жағдайларда жәрдемсіз қалады. Тұрғындардың құқықтық білімі мен сана-мәдениеті артқан сайын мемлекеттік билік органдары мен лауазымды тұлғалар емес, құқық қоғамды реттеуші күшке айналады.

Әлеуметтің құқықтық мәдениеті мен санасын көтеру үшін бұқаралық ақпарат құралдарының жәрдемімен тұрғындарды құқықтық ағартушылық жұмысы жүргізілуі тиімді болмақ.[3,115]

Мемлекетіміздің ішкі заңдары мен заңға бағынышты актілері негізгі заң болып табылатын Конституцияға тікелей тәуелді. Әрекеттегі заңнама Ата Заңда көрсетілген мәселелерді саналуан құқық салаларына қатысты нақтылайтын болғандықтан, бұл заңды құбылыс. Конституция мен оған бағынышты ережелердің адам құқығының кепілі ретіндегі сараптамалық баға, құқық жүйесінің тиімділігіне қатысты деген сенімнің дәрежесін көрсетеді.

Құқықтық сана нақты психологиялық-интеллектуалдық құбылыс ретінде әрекеттегі заңнама ережелері мен ұстанымдарының тәжірибедегі көрінісі себебінен қалыптасатындықтан, бүкіл құқықбұзушылыққа қатысты мән-жайлардың барлығын тек құқықтық сананың жеткідіксіз деңгейімен түсіндіре салуға болмайды. Оның себептерін құқық көрінісі болып табылатын заңнама ережелері мен олардың тәжірибеде іске асырылу әдістерінен де іздеу керек. Мысалы, тұрғындар салықтарды уақытында әрі толық төлеуден жалтаратын болса, онда бұл жерде заң ережелерінің шынайылыққа үйлесімділігі, ақылға сыйымдылығы, салықтар мен төлемдердің тұрғындардың тұрмыс деңгейі мен мүмкіндіктерінен асып кетуі т.с.с. көптеген себептер болуы мүмкін екендігін естен шығармау керек. Осы дабылдар ауырған адам дертінің сыртқы белгілері сияқты мемлекеттің салық салу жүйесінің кемшін тұстары бар екендігінен хабар беріп тұрады. Осындай жағдайларда, мемлекет қолдан құқықбұзушыларды жасап, оларды жазалаумен ғана айналыспай мәселені түп-тамырымен шешуге тырысып, тұрғындардың табыс табуы, қарыз алуы, шығыстары мен салық салынуы араларындағы үйлесімділікті қамтамасыз ететіндей экономикалық саланы бір жүйеге келтіру керек.

Тұрғындардың құқықтық санасы мен мәдениеті деңгейін арттыру үшін туындаған мәселелерді дәйекті түрде зерттеп, сол зерттеулердің нәтижесі негізінде мемлекеттің заңдарын, саналуан әлеуметтік, экономикалық, психологиялық сипаттағы жағымсыз жағдайларды дұрыстау керек.

Қазіргі уақытта мемлекеттік биліктің жергілікті деңгейден бастап республикалықтағы барлық билік тармақтарының қызмет барысын халық үшін жария жасайтын уақыт жетті. Жариялылықты қамтамасыз етудің бірден-бір жолдары бұқаралық ақпарат құралдарын цензурадан босатып, қоғамдық бақылау институттарын шынайы ету. Идеологиялық саналуандылықты, ой мен сөз бостандығын құрметтейтін мемлекет, «сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, мемлекетті халқының сынап-мінеуінен қорғаштай беретін елден, халқын өзі мен өзгелердің әділетсіздігінен қорғайтын елге айналу үшін саяси, іскерлік сын тәжірибесін енгізіп, ақпарат еркіндігін қамтамасыз етуі керек.

Қандай мемлекет болмасын қазіргі таңда құқықтық мемлекет құру жолындағы кедергілермен кездесуде, ал олардың ішінде ең күрделісі азаматтардың құқықтық санасына байланысты, әсіресе посткеңестік кеңістіктегі аға буын өкілдері кеңес кезінде қалыптасқан құқықтық санадан арыла алмауда. Оның пайдалы тұстары да бар шығар, бірақ өз құқықтарын бұзып жатса да «басекеңнің айтқанынан шықпау», құқық бұзушылықтарды көре тұра «тоқылдақ болудан» арланып, оларға жол беру, «жүйеге қарсы келмеу» сияқты жағымпаз әрі сырттан ғана сын айтып, күңкілдейтін мінез-құлықтан арыла алмай отыр. Заманауи азаматтың өз мемлекетінде бақытты болу деңгейін мына нәрселердің болуымен және олардың мемлекетте жеткілікті дәрежеде қорғалуымен анықтауға болады деп ойлаймыз: құқықтық санасының жоғары деңгейі, әрекет белсенділігі, жеке меншіктің мызғымастығы, ашық қоғам, еркін кәсіпкерлік, таңдау еркіндігі, өмірге қанағаттанушылық, болашаққа сенімділігі сияқты қоғамдық көңіл-күй көріністері.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, жер бетінде азаматтарын толық қанағаттандырып, бар мәселесін шеше алатын амал-тәсілдерді толыққанды ойластыра алған ел жоқ. Бірақ ардақты адами құндылықтарды барынша әспеттеген ережелер мен мемлекеттік тетіктер теңдік, еркіндік, әділдік, шыншылдық, адам бақытының басымдығы ұстанымдарына негізделуі тиіс.

Біз отыз жыл бұрын егемендік алып, қатаң мемлекеттік бақылауда болған экономикадан нарықтық экономика жолына түсуді таңдаған ел болсақ та, кеңестік психологиядан адамдар арыла алмауда. Мысалы, нарық жеке бастылықты талап етсе, біз қоғамға иек артып, ағайынға арқа сүйейміз, өз ерік-күшіне, ой шығармашылығына, жаңашылдыққа сүйенетін кәсіпкершіліктің орнына, ойланбай бағынып, ой қоспай жұмыс істейтін жер, бас қатырмай бағынатын бастық іздейміз. Бұл қазақ елінің әлі де еркіндікке үйренбей, еміренгеннің кейпін кейіп жүргенінің дәлелі.

Нарықтық жүйе индивидуализм, жаңа ой, кәсіпке жақын болуды талап етеді әрі әлеуметтік жіктелуді күшейтеді. Кедейлер мен орта таптағылардың елеулі бөлігінің пікірінде бұл әлеуметтік әділетсіздік деп танылады. Жалпы азаматтар нарық заңдылықтарының дендеп енуіне оң көзқараста, алайда оларды нарықтық қатынастарды желеу етіп сыбайлас жемқорлықтың арқасында байып алған аз ғана топтың ашса алақанында, жұмса жұдырығында қалған жалпы жүйенің болуы қынжылтады. Мысалы, жер телімдерін, өндіріс орындарын жекешелендіру, жеке меншік объектілерін шетелдіктерге беру, жабық акциялау, банкттердің таңдамалыларға жеңілдікті несиелер беру сұрақтары бойынша бірыңғай жауап жоқ. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа белшесінен батқандығы мен қоғамдағы қылмыстылықтың өсуі де қарапайым бұқараны ренішін туғызуға себеп болады. Мұндай фактілер шынымен оры алған болса, бұл мемлекеттің сыбайлас жемқорлық арқылы мемлекеттік билік орындарымен жең ұшынан жалғасқан қылмыстық топтарға қарсы қауқарсыздығын көрсетеді. Өкінішке орай, заңда көрініс алған еркіндік идеясы қаншама онжылдықтар өтсе де, көптеген қазақстандықтар үшін қорқытушы фактор болып отыр.

Қазіргі біздің қоғамда құқықтық нигилизм өршіп тұр. Бұл бір жағынан, билік органдарындағы коррупцияға қарсылықтың бір түрі, ал, екінші жағынан, құқықтық сананың артта қалғаны, кемістігі, жарымжандығы. Жүздеген жылдар бойы «Жеті жарғы», «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» іспетті ата заңдарымызға бағынып, дала демократиясымен өмір сүрген халықтың жүз жылда құқықтық нигилизмге тап болуы ең алдымен отаршылдықтың салдары. Патшалық және большевиктік отарлау заңды айналып өтудің әдіс-тәсілдерін зорлықпен, қулықпен санаға шегелеп, кіргізіп кетті. Қазіргі шенеуніктердің заңды жайына қалдырып, құқықтық ережелерді белден басуы, жеке бас мүддесіне қолдануы - мемлекеттік биліктегі элитаның саяси нигилизмі. Халық байлығының халыққа қызмет етпеуі, тоналуы, әлеуметтік теңсіздік (мысалы, байлар мен жалпы бұқара халықтың жағдайы арасындағы айырмашылық бізде 30 еседен асады, ал, негізінде бұл көрсеткіш 5 еседен аспауы тиіс, мысалы Еуропа елдерінде - 4,8 есені құрайды), тәртіпке бағынбау, ұйымдасуға мойынұсынбау сынды әлеуметтік ауруларға алып келеді. Қарапайым адамның құқығы кез-келген жерде - жұмысында, мемлекеттік мекемелерде, қоғамдық орындарда, көшеде тапталып жатса не жорық. Бірақ, әзірге өз намысын, адамдық қадір-қасиетін қорғап заңға жүгіну уақиғалары некен-саяқ және оның нәтижелі аяқталатынына да күдік мол.[4]

Тоқырауға ұшырап, келмеске кеткендей болған кеңестік тоталитарлық жүйе онымен тіршілік етіп үйреніп қалған адамдардың ой-санасы мен мінез-құлқына, жүріс-тұрысына сіңіп қалғандығы соншалықты, олар үшін еркін болу иесіз иен далада жападан жалғыз тастап кеткен адамның күйіндей қорқынышты болып көрінетін, өзінше ойлауға енжар, өз пікірін айтуға, өзінше тәуекелді шешімге баруға қорқатын адам типін қалыптастырып кетті. Мұндай адамдар үшін қатаң бақыланатын экономика қалыпты жағдай болып көрінеді.

Қоғамдық түйсіктегі бұл сипаттар еліміздің азаматтарына да тән, сондай-ақ олар ашық қоғам, құқықтық мемлекет және құқықтық мәдениеттің орнығуына мүмкіндік бермеуде. Айтып өткен жағымсыз жайттардың қауіптілігі олардың жекелеп емес, кешенді түрде орын алуында болып отыр. Бұл құқықтық мәдениеттің өсуін тежеп, қоғамның жаңғыруына, шынайы адам құқықтары мен еркіндігін жүзеге асырылуына жол ашпай отыр.

Жұрт ішінде қоғамдық іштей әлеуметтік мазасыздықтың қалыптасуына түрткі болып отырған негізгі әлеуметтік психологиялық себептерге экономиканың дамытудың, ашық қоғамды қалыптастыру және құқықтық мемлекетті орнықтырудың жарияланған бағдарын жүзеге асыру жатады. Коммунизмді орнатуға бағытталған идеологияның бірден құрдымға кетуі қоғамның есі кетіп, есенгіреуіне себеп болды. Саналы ғұмырында «тоқсаныншы жылдардың тоқырауын» көрген азаматтар үшін бұл «өмірдің мәнін» жоғалту, құндылықтары бағыттарын өзгертумен сипатталды. Тұрғындар өздеріне сыйланған құқық

пен еркіндікті дұрыс бағалауға дайын еместігін көрсетті. Ескі құндылықтар жойылып, орындары жаңа баламалармен толықтырылып жатқанда өліара кезеңнің дағдарысы басталды. Бұл кезең болса заңсыздық және берекетсіздікке ұласты. Ол әлеуметтік және өзге қырларынан «бейберекет тұлға» деп сипатталған адамдардың белсенді және бәсең типтерін жасап шығарды. Бәсең бейберекет тұлға өзін өзі жоюдың әртүрлі әлеуметтік нысандарымен (іштен тыну, әлеуметтік құлдырауға түсу, т.б.), ал белсенді бейберекет тұлға ашуланшақтық, агрессивтілік, қоғамдық-адамгершілік, құқықтық құндылықтарды таптаса да, мақсатқа жетушілігімен сипатталады. Олар елдегі қылмыстылықтың жоғарылуына бірден бір түрткі болды.

Құқық субъектілерінің құқық ережелеріне көзқарастарын сараласақ, мұнда құқықтық ережелерге қатысты екіжақтылықтың болуын байқаймыз. Жаңашыл өзгерістердің енгізіліп жатқандығына қарамастан, құқықтық ережелердің ықпалы өте төмен. Сырт жағынан алғанда кеңестік заманнан қалған заңды алдауға болмайтын мінез-құлық сақталған. Қазіргі кезде мұндай қатынас жергілікті басқару мекемелері жағынан күшеюде. Көпшілік тұрғындардың пікірінше, жекешелендірудің пайдасын қолында билігі барлар мен қазынаны қымқырушылар және олардың сыбайластары көруде, ал мемлекет әлеуметтік қамтамасыз етуді ел қажеттілігі мен жеріміздің байлығына қатысты үйлесіммен жүзеге асыра алмауда. Көпшілік жағдайларда бұқаралық заңнаманы белінен басып бұзу ар саналмайды, қалыпты құбылысқа айналған. Тіптен мұндай заңнамаларды сақтау ақымақтық сияқты ортамен айыпталатын жағымсыз жағдай қалыптасқан. Құлығына құрық бойламайтын адамдар заңмен тыйым салынған нәрселер болса да, оларды айналып өтудің жолын тапқыш болады, өйткені олардың пікірінше, «заңды бұзбай өмір сүру мүмкін емес», «ережелер бұзу үшін» жасалған және заң қалыптасқан шынайылық талаптарына жауап бере алмайтындықтан, оны билік басындағылардың өздері сақтамайтындықтан, оны сақтаудың қажеті жоқ екендігін алға тартады.

Заңнаманың оған сәйкес келмейтін өзінің «жазылмаған заңдары» бар қоғамдық ортада рөлі төмендейді. Бекітілген құқықтық ережелерді айналып өтпесең, өз мүддеңе қол жеткізе алмайсың деген көзқарас қалыптасқан. Мемлекеттік қызметкерлерге, олардың «қолақысыз» қайтарымсыз жәрдем көрсететіндігіне сенімнің жоқтығынан немесе төмендігінен, қорғайтындығына нанбағандықтан адамдар құқығы бұзылып жатса да мемлекеттік органдармен байланысқысы келмейді.

Адам құқығы - адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған, заңмен қорғалатын ең жоғарғы демократиялық құндылық. Сондықтан да әрбір адам өзінің де, басқаның осы құндылығын бағалай білу және оған ешқандай да зиян келтірмеу керек.[5]

Әлеуметіміздің ашық қоғамға қол жеткізуіне әлі талай белес бар сияқты. Нарықтық экономика, демократиялық қоғам, құқықтық мемлекетке өту жағдайында кез келген заңнамалық ереженің жасалуы әртүрлі қоғамдық бірлестіктер мен институттардың тексерісінен, жіті қадағалауынан, жариялылықтан өтуі тиіс. Оның қазіргі және болашақ жалпы мүдделерге, адам мен адамзаттың игілігіне қарама-қайшы келмейтіндігі расталуы тиіс. Ол халықтың рухани қазынасының бейнесі, адамгершіліктің көрінісі сипатында болғаны құба-құп.

Мемлекет механизмдерінің тиімділігі және оған қатысты азаматтардың сенімі өзара тығыз байланысты. Олардың негізінде нақты құндылық ретінде адам құқықтарын дәріптеу, өзара бірлесіп жұмыс істеу және өзара сенім жатыр. Бұл жағдайды жасауда жетекші рөл мемлекетке тиесілі. Мемлекет механизмі тиімді болған сайын, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің адалдығы мен тәртіптілігін көтермелеуге мүмкіндігі де арта түспекші. Мемлекеттік қызметкер мен лауазымды адам өз аты мен мемлекет атына кір келмеуін құнттайтын болса, олар үшін қоғам мен мемлекет мүдделері бірінші орында, жеке басының мүдделері кейінгі орында тұратын болады.

Егемен еліміз басынан өткеріп жатқан бұл аралық тарихи тұрғыдан оның дамуының бір сатысы ғана. Сондықтан жұртымызға жегілер жүк, атқарар жауапкершілік, жүрер жолы әлі баршылық. Өз азаматтарымен бірлесіп қызмет ету ұстанымдарын

қалыптастыратын немесе өзгертетін мемлекет билікке деген сенімді қоғамдық пікірді есепке ала отырып анықтауы керек. Үнемі жергілікті жерлердегі тұрғындардан өкімет адамдары ішінен қайсысын әділірек және жауапкершілігі молырақ деп есептейтіндігі жөнінде сауалдамалар алып, мониторинг жүргізіп отыру қажет. Бұл сауалдамалар нәтижесін мемлекеттік қызметке нақты адамды тағайындауға не сайлауға ұсынуға негіздеме бола алады. Сонымен қатар, екінші жағынан, тұрғындардан қандай мемлекеттік қызметкердің немесе лауазымды адамның заңды жиі бұзуға жол беретіндігін сұрау салуға беруге болады. Егер аталған қызметкерлер осы «қара тізімге» бірнеше қайтара іліксе, оны жұмыстан босатуға негіз бола алады. Осы тәсілдердің бүкілі жария нысанда жүзеге асуы қажет.

Демократиялық қоғам құрудың басты құндылығының бірі онда өмір сүріп жатқан адамдарды заң талаптары шеңберіндегі сана еркіндігіне тәрбиелеуден басталады.[6]

Заманауи еліміздің құқықтық білім беру жүйесі құқықтық сананың дәрежін көтеруге, бұқаралық құқықтық нигилизмді жоюға, қоғамның құқықтық мәдениетін өркендетуге үндеп, заң мен құқыққа деген құрметтің әр азаматтың жеке ұстанымына айналуын талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Еникеев М. И. Юридическая психология. С основами общей и социальной психологии: Учебник для вузов. — М.: Норма, 2005. — 640 с.

2 Газизова Н.С. Құқықтық білім: Қазіргі жағдайы және болашағы. // <https://bilimdinews.kz/?p=144067>

3 Петрова Т.И. Влияние СМИ на правовое сознание человека. // <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-smi-na-pravovoe-soznanie-cheloveka/viewer>

4 Сембеков М. Құқықтық нигилизм және оны алдын-алудың бағыттары. // <https://www.zakon.kz/4897319-y-ty-nigilizm-zh-ne-ony-aldyn-aludy-ba.html>

5 Габдрахова Н. Адам құқығы — ең жоғарғы құндылық. // <https://www.zakon.kz/4967840-adam-y-y-e-zho-ar-y-ndyly.html>

6 Раимбердиев Т. Демократиялық қоғам құру-дың басты құндылығы - сана еркіндігі. // <https://egemen.kz/article/166069-demokratiyalıyq-qogham-quru%C2%ADdynh-basty-qundylyghy-sana-erkindigi>

## НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ И ВОСПИТАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

*Полева И. А., ст. преподаватель кафедры теории и истории государства и права  
Карагандинский университет им. Е.А.Букетова*

Серьезной общественной проблемой остается равнодушие к проявлениям коррупции. Коррупция – это кризис ценностей, выражающийся в общественном сознании через превалирование материальных благ над духов- «Нұр Отан» как ведущая политическая партия страны, представляющая интересы большинства населения, должна стать главной консолидирующей силой казахстанского общества в формировании атмосферы «нулевой» терпимости к коррупции. В сознании части граждан коррупция стала обыденным делом, а для некоторых – решением насущных вопросов в обход закона. Антикоррупционные меры зачастую воспринимаются как бессистемная, поверхностная работа с низким результатом. Антикоррупционная политика - правовые, административные и организационные меры, направленные на снижение коррупционных рисков, повышение доверия общества к деятельности государственных органов[1].

По мнению населения, борьба с коррупцией – это задача государства. Подобное отношение, укоренившиеся в обществе недоверие и стереотипы значительно ослабляют